

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының  
Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қою  
туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қыркүйектегі N 842 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі Ғалым Ізбасарұлы Оразбақовқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 26 қыркүйектегі

N 842 қаулысымен

мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі**

**мен Бразилия Федеративтік Республикасының**

**Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық**

**туралы келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі (бұдан әрі «Тараптар» деп аталады)

тендік пен өзара пайдаға негізделген ұзак мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және ұлғайтуға ниет білдіре отырып,

осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты орнықты және үйлесімді дамыту мен түрлендіру үшін тиісті және тұрақты негіз болып табылатынына көз жеткізе отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамытуға Тараптар жәрдемдеседі, оны қолдайды және ілгерілетеді. Тараптар осы Келісімнің ережелеріне және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес өз мемлекеттерінің жеке және заңды тұлғалары арасындағы экономикалық байланыстардың әртүрлі нысандарына ықпал етеді.

## **2-бап**

Тараптар олардың мемлекеттерінің аумағында шығарылған тауарлар үшін бір-біріне неғұрлым қолайлыш режим ұсынады. Тараптар өздері қатысушилары болып табылатын Еркін сауда және кеден одағы туралы келісім, дамушы мемлекеттермен преференциялық келісім немесе дамушы мемлекеттер үшін бір жақты преференциялар концессиясы шеңберінде преференциялық режим ұсынуға құқылы.

## **3-бап**

Сауда ынтымақтастығының нәтижесінде Тараптар арасындағы барлық есеп айырысулар мен төлемдер, егер Тараптар өзгеше келіспесе, олардың мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген және халықаралық банк практикасына сәйкес кез келген нысандары еркін айырбасталатын валютада жүзеге асырылады.

## **4-бап**

Тараптар өз өкілеттіктері шеңберінде олардың мемлекеттері арасындағы сауда және экономикалық ынтымақтастықтың басқа да нысандары, атап айтқанда экономикалық, өнеркәсіп, техникалық және ғылыми-технологиялық салалардағы даму үшін тұрақты жағдайларды қамтамасыз етеді.

## **5-бап**

Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және экономикалық бағдарламаларға қатысты ақпарат, сондай-ақ өзара мүддені білдіретін басқа да ақпарат алмасуды қолдайды.

## **6-бап**

Тауарларды өзара жеткізу олардың мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және бағаларға, сапага, жеткізулерге және төлем шарттарына қатысты белгіленген коммерциялық практикаға сәйкес Тараптар мемлекеттерінің жеке және заңды

тұлғалары арасында жасалған келісім-шарттарға негізделеді. Бұл ретте Тараптар мемлекеттерінің жеке және/немесе заңды тұлғалары арасында жасалған келісім-шарттардан туындастырылған көрсетеді.

## 7-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес бір-біріне жәрменкелерді, мамандандырылған көрмелерді және басқа да ұқсас іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді.

2. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жарнамалық материалдың, олардың мемлекеттерінің аумағында шығарылатын тегін ұлгілердің, сондай-ақ жәрменкелер мен көрмелер үшін сатуға арналмаған тауарлар мен жабдықтардың импортын кеден бажынан, алымдар мен салықтардан босатады.

## 8-бап

Осы Келісім олар қатысуышылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындастырылған күкүйтари мен міндеттемелерін қозғамайды.

## 9-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

## 10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## 11-бап

1. Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішлік ресімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап отыз күн өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптан соңғысының оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап 3 (үш) ай өткенге дейін күшінде қалады.

3. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату Тараптар мемлекеттерінің жеке және заңды тұлғалары оның қолданылу кезеңінде жасасқан келісім-шарттардың орындалуына әсер етпейді.

\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ, орыс, португал және ағылшын тілдерінде, бірдей заңды күші бар екі түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*                           *Бразилия Федеративтік  
Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК